

БАЙЫРҒЫ СӨЗ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ КЕҢЕЮІ

Құлжанова Б.Р.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Филология, әдебиеттану және әлем тілдері
Факультеті Қазақ Тіл білімі кафедрасы
Ф.ғ.к., доцент

Белгілі бір уақыттың өтуіне байланысты сөз мағыналары да үнемі өзгеріске ұшырап отырады [1, 101-104 бб.]. «Әдетте қоғамның дамуы, сөз жоқ, болмыс, орта, зат, құбылыс жайында ұғымның жаңаруына, тереңдеуіне, өзгеруіне, ақыры кеңеюіне әкеледі. Сөз мағынасының кеңеюінің, өзгеруінің басты бір себебі сол сөз білдіретін ұғымның өзгеруінде деп тану қажет» [2, 33-б.]. XI-XII ғасырлар жазба ескерткіштері тіліндегі сөздердің қаншалықты дәрежеде өзгеріске ұшырағанын, кеңейіп-тарылғанын осы заманғы тілдермен салыстырғанда ғана байқай аламыз. «Қутадғу билиг» пен «Һибат-ул хақайиқ» ескерткіштері тіліндегі зат есімдердің бір тобының кеңею процесі, біздің зерттеулеріміздің нәтижесі көрсеткендей, мынадай дәрежеде.

СӨЗ. *Әңгіме, ой, пікір мағынасында сөз* атауы ескерткіштерде жиі қолданылады. Елиг айды уқтум сөзүң белгүлап Ачайын сөзүмни сәңа үлгилап ҚБ 67 (Патша айтты: сөзіңді салмақтап, толық ұқтым. Мен де саған үлгілеп сөз айтайын). Санып сөзлаган ер сөзи сөз сағы ҺХ 133(Ойланып сөйлеген кісінің сөзі сөздің асылы). Билиглиг сөзи панд насихат адаб ҺХ 125 (Білімдінің сөзі үгіт, насихат,үлгі-өнеге).Бұл мағыналар қазіргі қазақ тілінде толық сақталған. Алайда әдепкі мағыналарының жалпылануы негізінде қосымша мағыналар жамалған. Мысалға бұл сөздің «заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін, белгілі бір мағынасы бар тілдің негізгі бірлігі» деген терминдік мәні кейін пайда болған. Сондай-ақ оған «жиналыста көпшілікке қаратып айтылатын пікір, мәлімдеме, деректі ақпар, әнге арналған өлең-текст» сияқты мән-мағыналар үстелген. Әрине, бұл өзгерістердің барлығы осы атаудың ерекше табиғатынан келіп шығатыны түсінікті.

ҚЫЗ. Бұл сөз көбіне тәуелдеулі болады да, *кімнің қыз баласы, тумасы* екендігінен хабар береді. Тарихи ескерткіштерде де, қазір де осы мағынада жұмсалады. Йалавач аңа берди еки *қызын* ҚБ 13 (Пайғамбар оған екі қызын берді). *Күйеуге тимеген, бойжеткен* мағынасы да көне дәуірге де, жаңа дәуірге де ортақ. Оғул сегизинч ордулуғ қыз төртүнч ордулуғ болур ДТС 449 (Ұл сегізінші ордалық, қыз төртінші ордалық болып табылады). Аталған сөзге біздің заманымызда *жігіттің көңіл қосқан, жүріп жүрген адамы, қалыңдық* деген экспрессивті мағына үстеген. Заман ыңғайына қарай пайда болғанжаңа ұғым. Қыз көптеген фразеологиялық тіркестерді ұйтқы сөз ретінде ұйымдастырады. Бұдан оның семантикалық қабілетінің өте оралымды екендігін байқаймыз.

АУЫЗ. Бұл ағзаны қоғам мүшелері ежелден *адамның, жан-жануарлардың тамақ қабылдайтын мүшесі* ретінде түсінген. Ағыз йеса көз уйадзур ДТС 21 (Ауыз жесе, көз ұялады). Бұл ұғым тарихтың бүкіл өн бойында ешқандай

өзгеріске ұшырамаған. Алайда атаудың семантикалық жағынан дамуы көне, жаңа дәуірлерде әрұлай. Бағыты да түрлі-түрлі.

Көне түркі тілінде мынадай ауыспалы мағыналары бар: 1. *Ерін деген мағынада*: ошул оғулның өңлүки чырағы көк ерди *ағызы* аташ қызыл ерди ДТС 21 (Бұл баланың бет шырайы көк еді де, ерні от сияқты қызыл еді). 2. *Бір нәрсенің ашық жағзы деген мағынада*: Бішығ *ағзын* титигин йапмыш кергак ДТС 21 (Құмыраның аузын балшықпен жабу керек). 3. *Сөз, сөйлеу, айту деген мағынада*: Негү келса тапла көр едгү, есиз Бойун бер қазақа көни тут *ағыз* ҚБ 68 (Жақсылыққа, жамандыққа жолықсаң да, сабырлық ет, Тағдырыңа мойын ұсын, шын сөйле); Сәна кач *ағыз* бу өзүм сөзлайын Унытма сен аны мениңда кезин ҚБ 435 (Саған мен өзім бірнеше сөз айтып көрейін Бірақ оны сен мен өмірден кеткеннен кейін ұмытып қалма). Махмуд Қашғари мұның сыртында төртінші – *бір нәрсенің басталар жері*(Көпір аузы, өткел аузы, сай аузы, шатқал аузы т.б.) деген мағынасы да бар екендігін сөздігіне тіркеген.

Тарихи ескерткіштер тіліндегі «бір нәрсенің ашық жағы», «бір нәрсенің басталар жері» деген ауыспалы мағыналар қазіргі қазақ тілінде де бар. Мұның сыртында тілімізде мынадай мағыналар үстелген: 1. *Дыбыстау мүшелерінің бірі, артикуляциялық аппарат*. 2. *Адам, кісі мағынасында*. 3. *Бір нәрсенің кіріп-шығар жері, есігі*. 4. *Жараның, ісіктің ашылған жер; үстіңгі жағзы, беті*. Бір ғана сөздің әр алуан мағыналарының дамуына метафора, метонимия, синекдоха тәсілдерінің қатар қатысуы назар аудартады. Мысалы, тарихи ескерткіштерде **ауыздық** «ерін» ретінде түсінілуі метонимия тәсілі арқылы жүзеге асса, «адам, кісі» мағынасында ұғынылуы синекдоха тәсілі арқылы мүмкін болып отыр. Қалған мағыналар метафора тәсілі негізінде пайда болған. Мағыналары көне заманда да, жаңа заманда да кеңейген.

ЖАРЫҚ. Адамзат баласы **жарықты қараңғылықты жоятын физикалық құбылыс** ретінде түсінеді. Бұл сөздің ұғымы танымның өсуіне байланысты тарихтың өн бойында кеңейіп оырған. 1. *Бір нәрсенің сәулесі деген мағынада*. Көктүн бир көк *йаруқ* түшти ДТС 244 (Көктен бір көк сәуле түсті). 2. *Айқын көруге болатын табиғи жаратылыс деген мағынада*. Бир қорқынчығ улуғ *йаруқ* ДТС 244 (Бір қорқынышты үлкен жарық); Қара түн төрүтті *йаруқ* күндүзи ҚБ 21 (Қара түн жаратты, күндізі жарық). 3. *Бір нәрсенің нұры деген мағынада*. Барды көзүм *йаруқы* ДТС 244 (Көзімнің нұры жоғалды). Санамаланған мағыналардың барлығы қазіргі қазақ тілінде де бар. Метафора тәсілі арқылы ұқсату негізінде бұл сөзге кейінгі кезеңдерде *үміт, қызық, жақсылық* деген тың мағына үстелген: Адымыңды алға бассаң, өмір бар, көретін жарық бар [3, ҚТТС3-т., 701-б]. Мағынасы кеңеюге бейім тұрған, потенциалды мүмкіндігі үлкен сөздердің бірі. Қай сөзбен тіркесуіне қарай контекстік мағыналары да әрдайым құбылып, өзгеріп тұрады.

БЕЛГІ. Бұл сөздің ескерткіштерге және қазақ тіліне ортақ тура мағынасы – *есте сақталатын жеке-дара өзгешелік*. Көбіне жол жүргенде есте қалатындай табиғи ерекшеліктерді, немесе арнайы қойылатын са алуан таңба нышандарды белгі деп атайды. Тарихи ескерткіштерде бұл сөздің заттық мағынасынан гөрі идеялық дерексіз мағынасы қатты дамыған. 1. *Белгілі бір*

құбылыстың нышаны деген мағынада. Қут белгүси билиг ДТС 93 (Бақыттыңбелгісі – білім); Кишилигболур чын киши белгүси ҚБ345 (Нағыз кісінің белгісі – адамгершілік); Кичигда болур барча белгү, нишан ҚБ128 (Барлық белгілер мен нышандар бала кезде анықталады). 2. *Хабар, ишарат деген мағынада.* Йыпар кизласы сен йызы белгү урар ҚБ 34 (Жұпарды қанша жасырғаныңмен иісі белгі беріп тұрады).

Бұлардың сыртында қазақ тілінің өз даму заңдылықтары негізінде пайда болған бірнешемағыналар бар. 1. Шартты таңба. Біздің белгіміз – мына қызыл, – деп Мәмбет омырауындағы қызыл лентаны көрсетті (ҚТТС 2-т., 246-б). 2. Біреудің құрметіне немесетарихи мәні бар оқиғаға арнап орнатылған ескерткіш. 3. Есте қаларлық бұйым, көз. Сол сапарда өзіме бір белгі болсын деп бір тақия, бір шапан ала қайттым (ҚТТС 2-т., 246). 4. Бір нәрсенің із-таңбасы, жұрнағы. Өткен күннің белгісі жоқ (мақал). Бұл сөздің бұдан басқа да фразеологиялық, стилистикалық-коннотациялық мағыналары көп. Бірақ олар біздің тақырыбымыздың нысанына жатпайды.

ИТ. Беретін мағынасы – *сүтқоректі жыртықшыштар тобына жататын асыранды үй хайуаны.* Йорығлы йорытмаз көр есриң итиң ҚБ 152 (Байқайсың ба, сенің барыс сияқты итің үйіңе адам жолатпайды). Фразеологизмдердің құрамында кездескені болмаса, көне түркі жазба ескерткіштерінде ауыспалы мағынасы жоқ. Махмуд Қашғаридің көрсетуінше, жыл қайырудың он бірінші жылын *ит жылы* деп атайды. Орхон-енисей ескерткіштерінде де осылай ДТС 215. Бұл сөздің *оңбаған, жауыз* сияқты ауыспалы мағыналары көне дәуірде де болуы мүмкін, бірақ ескерткіштерде көрініс таппаған. Ауызекі сөйлеу тілінде көбіне қатар-құрбы адамдардың бір-біріне немесе жасы кіші бала-шағаға өзімсініп айтатын зілсіз сөзі ретінде түсініледі. Кейіп, ренжіген кезде малға да айтыла береді. Қазақ тілінде бұл сөзден толып жатқан фразеологизмдердің жасалуы оның қолданылу аясы өте үлкен екендігі көрсетеді.

ҚОЛ. 1. Тура мағынасы – *адамның бір нәрсені ұстайтын, жұмыс істейтін дене мүшесі.* XI-XII ғасырлар ескерткіштері тілінде осы ұғым-түсініктің әбден қалыптасып, қолданыс тапқаны аңғарылады. Бу Айтолды кирди кавуштурды қол ҚБ 41 (Айтолды кіріп, екі қолын қусырды); Йазар қол кушар дег йана тәрк качар hX 222 (Құшатын сияқты қолын жазады да, сосын тез қашады). 2. *Бір нәрсенің саласы, тарамы, қолтығы деген мағынада.* Опры қолу ДТС 453 (Аңғардың қолтығы). Орхон-енисей ескерткіштеріндегі де өзге орта ғасыр жазбаларында да бұл сөздің бұдан басқа ауыспалы мағыналары байқалмайды.

Шамасы ауызекі сөйлеу тілінің негізінде қалыптасқан болуы мүмкін: бүтіннің орнына бөлшекті ауыстырып қолдану тәсілі қазақ тілінде бұл тұлғадан *әскер, жасақ, жауынгер* деген тың мағына беретін жаңа сөз жасалған. Соңғы лексема дами келе омоним дәрежесіне жеткен. Аманкелді *қолына* қосылуға Торғайға қарай бет алды. (ҚТТС 6-т., 290-б). *Қол таңбасы, жазуы* деген ауыспалы мағынаның елімізде сауаттылықтың өсуі себепті кейін пайда болғаны анық. Бұл сөздің мағынасы орта ғасырлар ескерткіштеріне қарағанда әлдеқайда кеңейген.

ҚҰЛАҚ. *Адам мен жануарлардың есту мүшесі.* Махмуд Қашғаридің сөздігінде де, «Қутадғу билигте» деосы мағына ғана тіркелген. Байат берди кулқа еки көз кулақ ҚБ 214 (Құдай пендесіне екі көз, екі құлақ берді). «Ғибат-ул хақайик» ескерткішінде фразеологизмдердің құрамында ғана кездеседі. Айайын мен аны кулақ тут меңа ЫХ 266 (Мен оны айтайын. Құлақ сал). Бұл сөз ескерткіштерде тура мағынасында ғана тұруымен ерекшеленеді.

Қазақ тілінде метафора тәсілі негізінде бірнеше ауыспалы мағынаға ие болған. 1. *Бас киімнің құлақты жасауып тұратын бөлігі.* Мысалы, құлақшынның құлағы, тымақтың құлағы, т. б. 2. *Заттың ұстауға арналған жері, тұтқасы.* Самаурынның құлағы, қазанның құлағы, соқаның құлағы т. б. 3. *Музыкалық аспаптың ішегін қатайтатын немесе босататын тетеігі.* Домбыраның құлағы, қобыздың құлағы т. б. Бұл мағыналардың барлығы жанды заттың белгілі бір бөлшегін жансыз заттардың белгілі бір бөлшегімен форма, пішін жағынан салыстырудың арқасында туындаған. Бұл сөздің одан әрі де кеңейу мүмкіндігі үлкен.

ҚҰЙРЫҚ. Жан-жануарлардың денесіне қатысты атаулардың бірі – **құйрық.** Негізгі мағынасы – *жануарлар организмнің құйыршығы және соған шыққан қыл, қауырсын.* Ыт кузрук сапытты ДТС 463[4] (Ит құйрығын бұлғаңдатты). Йашық йанды болғай йана орнына Балық қудруқындин қозы бурнуға ҚБ 16 (Күн өзінің орнына және қайтып келді Балық шоқжұлдызының мұрнына). Махмуд Қашғари бұл сөздің *адамның бөксесі, құйрығы мағынасы* да бар екендігін өз сөздігінде ескерткен. Қазақ тілінде: 1. *Май қоры жиналатын мүше, бөксе.* Бұл да – жаңа тіл мен көне тілге ортақ мағына. 2. *Заттың үшкірленіп, сүйірленіп келген шет жағы, ұшы.* Ұшақтың құйрығы, кеменің құйрығы, кимешектің құйрығы т.б. Ұқсату заңының әсерімен дамып, мағынасы кеңейген сөздердің бірі.

ІЗ. *Адамның, мал, аң, құс т. б. аяғының жерге түскен таңбасы, басқан жерде қалған* дағы халық ұғымында – **із.** *Таптап кеткен жол, соқпақ, шұбырынды сұрлеу* де осы ұғым-түсініктің негізінде пайда болған нақты заттық (денотаттық) мағына. Көне түркі жазба ескерткіштерінде бұл мағыналар ұшырамайды. Дұрысында, бұлар өз кезінде қағазға түспей қалғанға ұқсайды. «Қутадғу билиг», «Ғибат-ул хақайик» ескерткіштері тілінде бұл сөз *белгі, жол* деген дерексіз мағына береді. Өзи өлди ерсааты қалды из ҚБ 29 (Өзі өлгенімен, аты із болып қалды). Атың езгү болса қалыр езгү из ҚБ 378 (Атың ізгі болса, артында ізгі белгі қалады). Айа дост билигли йизин излагил ЫХ 225 (УА, дос, білімді кісінің жолын қу). Бұл сөздің мағынасы қазақ тілінде одан әрі дамыған. 1. *Белгілі бір бағыт, бағдар.* Өмір іздері, бір ізбен жүру т. б. 2. *Бір нәрсенің белгісі, нышан.* Мінездің ізі, өкпенің ізі, үрейдің ізі т.б. Қандай сөзбен тіркесуіне қарай аталған атаудың реңктері мен мәндері әлде де көбейе беруі мүмкін.

ҚАНАТ. Бұл атаудың да тура мағынасы «Ғибат-ул хақайик», «Қутадғу билиг» ескерткіштері тілінде ұшырамайды. Махмуд Қашғари, орхон-енисей ескерткіштерінде: *құс және шыбын-шіркей сияқты жәндіктердің ұшу қызметін атқаратын дене мүшесі деген мағынада.* Ер қуғу қушқа соқулмыш қуғу қуш қанатыңа уруп ДТС 417 (Ол кісі аққу құсқа жолықты, аққу

қанатына мінгізіп алды). Тарихи ескерткіштерде *сенімді серік, арқа сүйер таяныш, тірек* деген мағыналарда көп жұмсалады. Қуш қанатын ер атын ДТС 417 (Ер аты құс қанаты сияқты). Раджа бирла хафуни қанат сен қылын ҚБ 215 [5] (Сен үмітің мен қауіпінді қанат ет). Қазақ тілінде метафора негізінде бұл сөзден бес мағына туындаған. 1. *Балықтың жүзу қызметін атқаратын дене мүшесі*. Сазанның қанаты, шортанның қанаты т.б. Бұл мағынаның да ежелгі дәуірлерде-ақ бар екендігі сөзсіз. Бірақ тарихи ескерткіштерде қамтылмай қалған. 2. *Ұшақтың көтеріліп-қонуына қажетті құс қанаты тәріздес негізгі бөлегі*. Ұшақ қанаты, тікұшақ қанаты т. б. 3. *Арба-шананың немесе басқа бір заттың үстін кеңейту үшін бекіткен ағаш*. Арбаның қанаты, шананың қанаты т. б. 4. *Киіз үйдің әрбір керегесі мен іші*. Он екі қанат үй, төрт қанат ши т. б. 5. *Белгілі бір нәрсенің орналасқан шебі, екі жағы*. Жаудың сол қанаты, алаңның оң жақ қанаты т.б. «Аспанға ұшатын денелердің қанаты», «белгілі бір бір нәрсенің оң жақ, сол жақ қанаты» деген ұғымдар, сөз жоқ, кейінгі заманның – ғылым мен техника, өнеркәсіп өскен заманның – жемісі. Қоғамның дамуына қарай әр дәуірде ұғым-түсінігін молайтып келе жатқан өміршең сөз. Сөз мағыналарының ауысу заңдылықтарын арнайы зерттеген тілші-ғалым Р. Барлыбаев: «Сөз мағынасының кеңеюі дегенде оның жекеліктен жалпылыққа ауысуы ғана емес, сөздің бастапқы лексикалық мағынасынан бірнеше жаңа мағынаның пайда болуын, оның тіркесу қабілетінің артуын айтуға болады» [2, 48], – деп жазады.

КҮН. Ежелгі дәуірлерде ата-бабаларымыз *күнді әлемге жарық, қызу беретін аспан денесі* деп ұқса, қазір де осы ұғым-түсінік өзгеріске ұшыраған жоқ. Күндізгі мезгілді – таңның атуы мен күннің батуы аралығындағы уақытты да – **күн** деп атайды. Бұл – күннің *планета* мағынасымен жарысып жүрген туынды номинативті(тура) мағынасы. Осы екі мағына тарихи ескерткіштерде де, қазіргі тілдерде де бірдей. Мысалдар. 1. Күн тоғды камуғ ұза йаруқ болты ДТС 326 (Күн шықты, барлық дүние жарық болды); Түнәтүр түніңни күнүң кетарип ЫХ 15 (Күнін кетіріп, қараңғы түн етеді). 2. Күн йема түн йема йелү бардымыз ДТС 326 (Күн демей, түн демей зымырап отырып бардық); Йетар башқа бир күн бу тил бошлығы ЫХ 136 [6] (Тіліңнің жүгенсіздігі бір күні басыңа жетеді).

Қазақ тілінде бұлардан тыс мынадай ауыспалы мағыналары бар. 1. *24 сағатқа тең уақыт, тәулік*. Екі-үш күн тынықты, күндер өтті, т. б. 2. *Уақыт, мезгіл, кез, дәуір*. Сен келетін күні, осы күніңе жете алмай қалма (Ауызекі сөйлеу тілінен). 3. *Өмір, тіршілік*. Өз күнін өзі көру, күні күн емес т.б. 4. *Ауа-райы, табиғат құбылысы*. Күн тымық, күн суытты, т. б. Сонымен қатар бұл атаудан пайда болған туынды сөздер де, фразеологизмдер де көп.

ҚАЛҚАН. Көне түркі жазба ескерткіштерінің барлығында бір ғана мағынада – тура мағынасында қолданылған: *батырлардың, жауынгерлердің соққы, оқ дарытпау үшін қолына ұстайтын қорғаныс құралы*. Қықрып атығ кемшалым Қалқан сүнүн чумшалым ДТС 413 (Қиқулап атты қамшылаймыз Қалқанды сүңгі жұмсаймыз); Тайақлық йағықа темүр қалқан ет ҚБ 306 (Таяқпен қаруланған жауға қарсы темірден жасалған қалқан ұста). Қалқан

соғыс қаруы ретінде біздің заманымызда жұмсалмайтындықтан, қоғамдық өмірге де қажеті жоқ болғандықтан, қазіргі әдеби тілден шығып қалған. Тарихи сөз ретінде тарихи шығармаларда ғана пайдаланылады. Бірақ осы сөзден өрбіген туынды мағыналарды көркем әдебиеттен, ақпаратқұралдарынан жиі кездестіруге болады. 1. *Бөгет, тосқауыл деген мағынада*. Сайдың жағаларына қар ұстайтын қалқандар қойылып, бірнеше жерге қар төбешіктерін үйді (ҚТТС 5-т., 593-б). 2. *Құлақтың қалқизан жері деген мағынада*. Көне сөзге айналғаны болмаса, әдепкі тура мағынасы жойылмаған. Оның негізгі семалары кейінгі туынды мағыналардан да айқын байқалады.

АРҚА. Адамның *жота, жауырын, жон* жағын **арқа** деп атайды. Бұл ұғым-түсінік көне түркі жазба ескерткіштеріне де, қазіргі тілдерге де ортақ. От өңлүг сачы *арқасынта* йадылу туруп ДТС 53 (Оның от сияқты шашы арқасында жайылып тұр). «Қутадғу билиг» ескерткішінде осы атаудан метонимия тәсілі арқылы *сүйеу тірек* деген ауыспалы мағына туындаған. Адаш қолдашол ерка арқа билин ҚБ 82 (Жолдас, дос ер адамдар үшін сүйеу, мұны жақсылап біліп ал). Кимнің арқасы болса күчлүг болур ҚБ 66 (Кімнің сүйенетіні болса, ол адам күшті). Бұл мағына қазіргі қазақ тілінде ауызекі сөйлеу тілінен көбірек аңғарылады. «Оның арқа сүйері бар» десек, «тірегі бар» деп түсінеміз. Аталған сөздің қазақ тілінде тарихи ескерткіштерде жоқ мынадай мағыналары бар: 1. *Арт жақ, соңғы жақ*. 2. *Тау, дөң жоталары*. 3. *Көмек, жәрдем*. Мұндағы «тау, дөң жоталары» дәстүрлі ұқсату тәсілімен жасалып тұрса, «арт жақ, соңғы жақ», «көмек, жәрдем» контекстің арқасында түсінілетін қосымша мағыналар. **Арқа** сөзінің уақыт өте келе қызметі, қолданылу қабілеті артқан.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Юнусалиев Б.М. Киргизская лексикология. Фрунзе: Кирг. Гос. Учеб. Педагог. Изд., 1959. – 248 с.
2. Барлыбаев Р. Қазақ тілінде сөз мағынасының кеңеюі мен тарылуы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 72 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. басқ. А.Б. Ысқақов. – Алматы: Ғылым, 1974. – 1 т. – 696 б.
4. Древнетюркский словарь. М-Л: 1969.
5. Каримов К. Юсуб Хос Хожиб. Қутадғу билиг. Тошкент, 1971
6. Сағындықұлы Б. «Ғибат-ул хақайиқ» – XII ғасыр ескерткіші. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.